

## Техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 6 наурыздағы N 45-ө Өкімі

1. Техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру мақсатында мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Оразбақов - Қазақстан Республикасының Индустрия

Ғалым Избасарұлы және сауда министрі, жетекші

Мұхамбетов - Қазақстан Республикасы Индустрия

Ғабит Мұхамбетұлы және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің

төрағасы, жетекшінің орынбасары

Момышев - Қазақстан Республикасы Индустрия

Талғат Амангелдіұлы және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті

төрағасының орынбасары, хатшы

Ақшолақов - Қазақстан Республикасының Энергетика

Болат Оралұлы және минералдық ресурстар вице-министрі

Бектұров - Қазақстан Республикасының Көлік және

Азат Ғаббасұлы коммуникация вице-министрі

Бірәлиев - Қазақстан Республикасының Қоршаған

Әлжан Хамидоллаұлы ортаны қорғау вице-министрі

Қазыханов - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер

Ержан Хозеұлы министрінің орынбасары

Күрішбаев - Қазақстан Республикасының Ауыл

Ақылбек Қажығұлұлы шаруашылығы вице-министрі

Белоног - Қазақстан Республикасы Денсаулық

Анатолий Александрович сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық

қадағалау комитетінің төрағасы - Бас

мемлекеттік санитарлық дәрігері

Бижанов - Қазақстан Республикасы Төтенше

Нұрахмет Құсайынұлы жағдайлар министрлігі Төтенше

жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау

комитетінің төрағасы

Мәшкеев - Қазақстан Республикасы Денсаулық  
Батырбек Әукенұлы сақтау министрлігі Фармация

комитетінің төрағасы

Оразов - Қазақстан Республикасы Мәдениет және  
Нұрай Нұрғожаұлы ақпарат министрлігі Ақпарат және

мұрағат комитетінің төрағасы

Түсімов - Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
Өмірзақ Төлеуұлы министрлігі Жол полициясы комитетінің

төрағасы

Тоқсейітов - Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
Қанат Тәуіпекұлы министрлігі Әкімшілік полициясы

комитетінің төрағасы

Сахипова - Қазақстан Республикасы Әділет  
Нұрғайша Нұртайқызы министрлігінің Зияткерлік меншік

құқығы комитеті төрағасының орынбасары

Ермекова - Қазақстан Республикасы Экономика және  
Несіпбала Әбсағитқызы бюджеттік жоспарлау министрлігі

Жоспарлау және салалық органдардың шығыстары департаментінің директоры

Мұханов - "Қазына" орнықты даму қоры"  
Мақсат Нұрдәулетұлы акционерлік қоғамының басқарушы

директоры - басқарма мүшесі

Дворецкий - "Атамекен" Қазақстан кәсіпкерлері мен  
Владимир Яковлевич жұмыс берушілерінің жалпыұлттық одағы"

заңды тұлғалар бірлестігінің басқарма төрағасының орынбасары

Сафинов - "Самұрық" мемлекеттік активтерді  
Қанатбек Бейсенбекұлы басқару жөніндегі қазақстандық

холдингі" акционерлік қоғамының басқарушы директоры.

2. Жұмыс тобы бір апта мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасының техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру жөніндегі бөлімінің жобасын Қазақстан

Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК